

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Үй тапсырмасының қазіргі таңдағы үлесі қандай?

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.10.2022СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/126054/

Қазіргі кезде Білім және ғылым министрлігі оқушыларға түсетін жүктемені жеңілдету мақсатымен үй тапсырмасын реттеуді қолға алып отырғаны өте бір құптарлық іс. Себебі, мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың құрамды бөлігі ретінде үйге берілетін тапсырмалар көптеген дидактикалық мақсаттарды жүзеге асырумен бірге оқушыны өз бетінше жұмыс істеуге үйретудің, дамытудың, жасампаздық, ізденімпаздық қабілеттерін жетілдірудің де құралы.

Алайда, үй тапсырмасын беру талаптары көптен бері орындалмай келе жатқан мәселенің бірі екендігі де белгілі. Оған бірден-бір себеп, оқытылатын пәндердің мазмұнын заман талабына сай, ғылымның даму деңгейіне лайықты етіп құру керек дегенді басшылыққа алып, мектепке жаңа оқу материалдарының көптеп енгізілуі болатын. Психологиялық-педагогикалық негізде түпкілікті ойластырылмағандықтан, бірінші кезекте пәндерді мектепте оқыту үшін бөлінген уақыттың шектеулі екендігі ескерілмеді. Екіншіден, оқушы мүмкіндігі мен шама-шарқы есепке алынбады. Үшінші, оқытылатын пәндердің теориялық деңгейін көтеру керек деп мектеп оқушысы білуі міндетті емес материалдар көбейіп кетті.

Сондай-ақ, мектепте күнделікті өмірде кең қолданыс табатын, ЖОО бағдарламасын еркін игеріп кетуге берік негіз қалайтын материалдар ғана оқытылуы керек екендігі де есепке алынбады. Мектептегі оқу материалдарының көптігі соншалықты, олардың негізгілерінің өзін оқушылардың сабақ үстінде игеруі мүмкін болмай қалды. Сондықтан, мұғалім оны оқушы өз бетінше оқып келсін деп үйге тапсырма ретінде беруге мәжбүр болды. Ал үйге берілген тапсырмаларды оқушы орындайын десе, сабақ үстінде жеткілікті тірек білімдер қаланбаған. Оқушы әрекет жасағанмен, оқу материалын түсінуі қиын немесе мүлде түсінбейді. Ендігі жерде оқушы үй тапсырмасын «жылы жауып» қоя салатын болып алды. Соның салдарынан оқушының оқуға деген ынтасы да жойыла бастады.

Халыққа есеп беру кезінде Білім және ғылым вице-министрі Эльмира

Суханбердиеваның министрліктің үй тапсырмасына қатысты жүргізген зерттеуінің қорытындысына сүйеніп, «оқушылардың 48%-ы үй тапсырмасын мүлдем орындамайды» деп айтқаны шындыққа жанасады. Ал мұндай жағдайдың орын алуын жай қатардағы дерек ретінде келтірілген ақпарат ретінде қабылдауға болмайды. Бұл үлкен дабыл қағатын, оқу жүйесін ғана емес, бүкіл қоғамды аяғынан тік тұрғызатын мәселе. Егер мектеп оқушыларының жартысына жуығы үй тапсырмасын мүлде орындамайтын болса, онда олар өтілген материалдарды да білмегені, келесі сабаққа дайын болмағаны, онда жаңа сабақты да игере алмағаны емес пе? Демек, қазіргі мектеп оқушыларының жартысы мүлде білім алмайды деген қорытындыға келуге де болады. Еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі жаңа әдістемелік ұсынымдар жасалуда екен. Оған сәйкес бұрынғымен салыстырғанда үй тапсырмасы шамамен екі есеге жуық қысқартылатыны көзделген. Бірақ бұл шараның оқушылардың білім сапасын көтере қоятындығына күмәнмен қарауға тура келеді. Мәселенің түйіні оқушыларға берілетін үй тапсырмасының көлемін азайтуға ғана байланысты болмаса керек. Мектеп бірінші кезекте жоғары оқу орындарында оқытылатын немесе орта білім үшін басы артық мәліметтерден арылғаны жөн.

Студенттердің ЖОО бағдарламасын игеріп кете алмай жатқан себебі, олардың, мәселен, математикадан мектепте өтілетін жоғары математика элементтерін меңгермегендігіне тіптен де байланысты емес. Оған себеп, мектеп математикасының дәстүрлі тақырыптарын білмегендігінен. Мәселен, оқушыларда математикалық дағды жеткілікті қалыптаспаған, түптеп келгенде олардың жалпы математикалық мәдениеті өте төмен: математикалық өрнектерге еркін түрлендірулер жасай алмайды, математикалық ұғымдар мен ережелерді меңгермеген, нәтижеде дұрыс пайымдаулар жасап, ақиқат қорытынды шығаруда да дәрменсіздік танытады. Егер мектептің математика бағдарламасы жоғары математика элементтерінен арылатын болса, онда бүкіл жаратылыстану пәндері, оның ішінде әсіресе физика пәнін оқушы шамасына лайықты етіп қайта құрылымдауға болар еді. Осындай жағдай қоғамдық-гуманитарлық пәндерде де орын алған. Ол туралы жазушы, әдебиет сыншысы Жұма-Назар Сомжүрек «Білім негізін қайтсек дұрыс қалаймыз?» («Егемен Қазақстан», 17.05.2017) деген мақаласында негізгі мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарында оқушы білуге міндеттілерден міндетті емес материалдардың көп болып шыққанын айтады. ЖОО-да білім алушылардың (студенттердің), мысалы, жоғары математика пәнін игере алмауының басты себебі, олардың «энциклопедиялық» білімдерінің молдығынан да, ақпаратты көп жинақтауынан да, «тығыздалған» білім алып, көп біліп кеткенінен де емес,

керісінше, олардың көпшілігінде қарапайым білімнің өзі де жоқ екендігінен болып отырған жағдай.

Қорыта айтарымыз, мектептегі білім сапасын көтеру, оқу жүктемесін қалыпқа келтіру, оның ішінде, әрине, үйге берілетін тапсырманы реттеу, орта білім алуға қажетті және жеткілікті оқу мазмұнын дұрыс таңдап алуымызға тікелей байланысты екендігін ескеру керек.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.